

№ 2 Арнайы жалпы білім беру мектебі

Тақырыбы:

« ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ »

(Қыздар отырысы)

Ақтау - 2023 жыл

Гормондардың әсерінен қыз баланың сыртқы түрі де өзгереді. Оның бойы өседі, бұл кезде ол өз қатарлы ұлдардан биіктеу болады. Кеудесі өсе бастайды. Белі білініп, бөксесінің өлшемі өседі. Бөкседе, жамбаста май тіні байқалады.

Тері бетінде өзгерістер болады. Бет терісі жұқалау, әрі нәзік, май бездерінің қызметі өзгереді. Көбінесе қыз балалардың терісі нашарлап, безеу шығуы мүмкін. Сол себепті бетке күтім жасау керек.

Қыздың бойжеткенге айналу үдерісінде етеккір пайда болады. Алғашқы етеккір иәдетте, 9-13 жаста келеді. Бірақ кейде бұл көрсеткіштен 1-2 жыл ауытқуы мүмкін. Жасөспірім қыз баланың жалпы тазалағымен бірге жыныс ағзаларының тазалығы маңызды.

- Сән мен сымбат туралы ой – пікіріңіз?
- Дөрекі сөйлейтін қыздар туралы ойыңыз?

- Жарыса сөйлеуге
- Жалғыз қыдыруға
- Ерсі күліп, сыпсындап сөйлеуге
- Орынсыз ұрынуға
- Беттен алып, бет жыртысуға
- Өтірік, айтуға
- Талтайып отыруға
- Біреуді сыртынан жамандауға
- Ұрлық жасауға
- Ұятты мүшелерін ашып жүрген қыз анасының атына кір келтіреді.

Ойын: « Мен әдемі болу үшін »

Шарты: қатысушылар шеңберде тұрады.

- Күнде әдемі болу үшін не істеу керек? – деген сұраққа келесі ойыншы «ол үшін күнде.....қолын жуу керек және т.б. деп » іс-қимылмен көрсетеді, ал қалғандары іс-қимылды қайталайды.

Жеке бас тазалығының ережелері:

- ✓ Күнделікті бір уақытта тұр (тісінді тазалап, беті-қолыңды, мойның мен құлағыңды жу), бөлменді желдетіп ал да, шынықтыру жаттығуын жаса;
- ✓ Ұйықтар алдында жуынып, бөлменді желдетіп алуды ұмытпа;
- ✓ Тамақ ішердің алдында, әжетхадан соң міндетті түрде қолыңды жу;
- ✓ Шашыңды дұрыстап күт: уақытылы тара, буып немесе өріп қой;
- ✓ Төсегінді жинап, өз киімінді өзің жуып жүр, үтіктеп өз түйменді қадап біл;
- ✓ Аяқ киімінді күтіп киіп үйрен, тазалауға уақыт бөл;
- ✓ Мектетегі құралдарыңды таза, ұқыпты ұста;
- ✓ Өз бөлменің тазалығын қадала;

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіз болмауға тәрбиелеу.

Қатысушылар:

- 6-10 сынып оқушылары
- Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары – Ж.О.Туралбаева
- Әлеуметтік педагог: С.Т.Мусагулова
- Медбике – Бегленбетова Г, К
- Педагог психологтар: Сартбаева Ш.К , Чагырбаева К.Ж

Көрнекілігі: «Қыз - елдің көркі» нақыл сөздер, мақал-мәтелдер.
Барысы.

- Құрметті қыздар ! Сіздерді көргеніме қуаныштымын! Бүгінгі қыздар отырысын бастауға рұқсат етіңіздер!

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,
Көрінер толған айдай жүзі жарқын
Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.

« Қызды тәрбиеленнің –бір ұрпақты тәрбиелегенің », -деген екен ата-бабамыз.Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр.Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы. Ұрпақ жалғастырған бәрінен жоғары қою,өле өлгенше баласына қамқорлық көрсету әлемнің бірқатар елдерінде сақтала бермейтін дәстүр.

- Қыз өссе ,елдің көркі...деген қалай түсінесіңдер?
Сұлу болу,сау болу-өз қолыңда! Сұлулықтың негізі –денсаулық.Бұл денсаулыққа жеке басты , тазалық, гигиена және зиянды әрекеттердің аулақ болуы жатады. Қазіргі кезде қыздар зиянды заттарға елігіп, әуес болады .Ол болашақ ана.Құрметті қатысушылар жеке бас тазалық гигиена туралы не білесіңдер. Жасөспірім қыз баланың табиғаты , ерекше күтімді қажет етеді. Жасөспірім қыз балалардың денесінің дамуы ,гигиенасы туралы дәрігерлік кеңесіне назар аударайық.

Жалпы қыз баланың табиғаты туралы не білеміз?

1. Ағзадағы өзгерістер
2. Сырт келбеттегі өзгерістер
3. Жыныс ағзаларындағы өзгерістер
4. Алғашқы етеккір

Жалпы ағзадағы өзгерістер:

Алдымен қыз бала өзімен қатарлас ер балалардан аса ерекшеленбейді. 9-14 жас аралығында қыз баланың тәнінде болашақты оны бойжеткенге айналдыратын өзгерістер басталады. Кейбіреулеренде бұл үдеріс бұдан да ерте көрініс береді (7-8жаста).

6-10 сынып қыздарымен «Қызға - қырық үйден тыйым » тақырыбы бойынша туралы ақпарат

16.03.2023ж.

Қатысқандар: 6- 10 сынып қыздары

Барлығы - 28

Қатысқан-13

6 «а» сынып- қыз жоқ , 6 «б» сынып - 3 , 6 « в» сынып- 2, 7 «а» сынып – 3, 8 «б» сынып -3 , 8 «в» сынып – 3, 9 «а» сынып – 6, 9 «б» сынып – 2 , 9 «в» сынып – 3, 10 «б» сынып -3.

Күн тәртібінде:

1. «Қызға қырық үйден тыйым»тақырыбында топтық тренинг,әңгіме-кеңес.Педагог-психолог: Сартбаева Ш.К.
2. «Қыз баланың жеке гигиенасы» тақырыбында әңгімелесу Медбике: Бегленбетова Г.Қ.
3. « Что должна рассказать мама дочери - подростку » тақырыбында әңгімелесу әлеуметтік қорғау педагог С.Т Мусагулова.
1. Мәселе бойынша педагог-психолог Сартбаева Ш.К «Қызға қырық үйден тыйым » атты тақырыбында қыздармен әңгімелесе отырып, ар- намысын, сұлулығын жоғары қоя білуге, жұрт алдында абыройлы болуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой- өрісін дамытып, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерте отырып және қыздардың бойындағы өзгерістер туралы айтып, кеңестер берілді.
2. Мәселе бойынша «Қыздарға әңгіме-кеңес» мектеп медбикесі - Бегленбетова Г.Қ. өз сөзінде: қыздарға жеке гигиена туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кеңестер берді. Кеңес беру барысында қыздардың сән қумай, бояуды ерсі жақпай, шашатарын жайып, өздерін сорақы көрсетпей, айналасындағыларға боянып сыланып әдемі көрініп, ер адамдардың өздеріне көңілін аударып, ерте жастан жеңілтек атанбау үшін, өз бойындағы табиғи сұлулықты сақтау керектілігі айтылып түсіндірілді.

Сонымен қатар еркекпен ерте жақындасудың зардабы да, салдары да көп. Ойда жоқта жүкті болып қалу – жас қыздардың денсаулықтарын құртады, көптеген жағдайларда өмірлеріне қатты нұсқан келтіреді. Қазір қыздар қысқа кию сәнге айналғаны дұрыс емес және қатты ерсі боянудың зияны көп екенін түсіндіріп сөзін аяқтады.

3. Мәселе бойынша « Что должна рассказать мама дочери – подростку » тақырыбында әңгімелесу Әлеуметтік қорғау педагог: Мусагулова С.Т.сөзінде Әр қыз бала саналы түрде кез-келген мәселе туындаған жағдайда – анасымен ақылдасу керектігін айтып өтті. Ана қыз балаға өмірдегі ең жақын, ең адал биік тұлға екенін айтып өтті. Қыздардың өздері болашақ ана екендігін еске салып, өздерінің жеке гигиенасына жетік болуды айтты. Кез – келген туындаған мәселе бойынша ең алғашқы көмекші ол – ана екендігін айтып сөзін аяқтады. өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу мақсатында қыздарды ұлттық салт- дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсу мақсатында баяндамасын оқыды.

Тәрбие - ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог-психолог:



Ж.О.Туралбаева

Ш.К.Сартбаева

